

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ АТТЫҢ АТҚАРАТЫН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Қазақ эпосындағы ат бейнесін зерттеуде, ең алдымен олардың атқаратын қызметін, функциясын басты назарға алу керек. Фольклорлық шығарманың морфологиялық құрылымын талдау үшін оның кейіпкерлерінің атқаратын функцияларын зерттеп-зерделеудің қажеттігі В.Я. Пропптың «Қиял-ғажайып ертегінің морфологиясы» атты еңбегінде жан-жақты дәлелденген болатын [1]. Эпостың бас қаһарманы мен оның атының арасындағы қарым-қатынасты талдап-зерделеу мақсатында аттың эпоста қандай қызметтер атқаруы мүмкін екендігін қарастырсақ, эпоста ат негізінен төмендегідей бес түрлі функцияны атқаратынын байқаймыз:

1) ат жөн-жол көрсетіп, алда не болатынын болжап, не істеу керек екендігін айтып, бас қаһарманды басқарып отырады;

2) аттың өзі де эпоста өрбіп жатқан оқиғаларға белсене қатысады, ол құсқа не балыққа т.б. айналып кетуі, я болмаса оқиғаның дамуына қажетті басқа бір адамның не жануардың кейпіне енуі, аспанға ұшуы не жердің астына түсіп кетуі, басқа да сюжеттік фабуланың өркендеуіне керекті әрекеттерді атқаруы мүмкін;

3) ат қаһарманды алыс жерлерге апарады, яғни тасымалдаушы қызметін атқарады;

4) ат батырмен бірге жаумен шайқасады, бұл функцияның қоғамның дамуының әрқилы кезеңдеріне сәйкес екі түрі бар:

а) ат қаһарманмен бірге немесе қаһарманның қатысуынсыз-ақ жауды қырып, жеңіп шығады;

б) батыр жаумен шайқасқан кездері ат оның көлігі, әрі сенімді серігі, көмекшісі болады.

5) ат жай ғана қаһарманның мініс көлігі ретінде реалистік сипатта суреттеледі.

Аттың осы аталған бес функциясын жеке-жеке қарастыратын болсақ, олардың алдыңғы үшеуінің негізінен ежелгі эпостарға тән архаикалық мотивтер екендігін байқар едік.

Аттың бірінші функциясының (бас қаһарманды басқарып, жол көрсетіп отыруы, алда не болатынын болжап, не істеу керек екендігін айтып, батырға нұсқау беру қызметтері) ежелгі атты құдайыландырған, тотемге айналдырған түсініктерден бастау алғанын байқауға болады. «Қобыланды» эпосында:

Көл иесі, Қамбар-ай,
Шөл иесі, Қамбар-ай,
Қамбар өзін қолдасан,
Қолдамайтын кім бар-ай! —

деген жыр тармақтары бар, соған қарағанда Қамбар тек жылқы баласының ғана иесі, басқарушысы емес, көлдің де, шөлдің де иесі, жалпы аса күшті, құдіретті жебеуші-қолдаушы кейпінде бейнеленеді. Бұл атты бір кездегі тотем ретінде қастерлеп, атқа табынған түсініктің сарқыншағы болуы мүмкін. «Түркі тілдес халықтардың мифологиясында жылқы малының жебеушісі болған

Қамбар ата бейнесі бар, ол кейде аспан айғыры кейпінде бейнеленеді. Ал, әйел құдайлар мен әйел шамандар байтал кейпінде бейнеленеді. Эпостарда жылқы бабасының сакральдік сипаттары көмескі көрініс тапқан, табынның басқарушысы образы ерекше бөлініп сипатталады» деп жазады Р.С. Липец [2, 162]. Бұл дәйексөзден адам мен жануарлар дүниесін жеке-жеке бөліп қарамайтын архаикалық синкреттік сананың тағы бір мысалын көруге болады.


«Жануар кейпіндегі тотемдік ата-баба — адам бейнелі Зевс немесе бет бейнесі белгісіз христиандық қасиетті аруақ мағынасындағы құдай емес. Құдайлар жануарлардан пайда болады. Егіншілік пен қалалар пайда болған соң, шығу тегі тотемдік, ала-құла жануарлар әлемі өзінің шынайылығын жоғалтады. Адамдану (антропоморфизация) процесі басталады» деп жазады В.Я. Пропп [3, 246]. Яғни, адам қауымының алғашқы құдайлары жануарлар болған. Кейін қоғам келесі сатыға көтерілген кездері жануарлардың әрбір түрінің адамданған иелері (Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексек ата, т.б.) пайда болады. Бұл тотемдік жануар құдайлардың адамдануының бірінші сатысы, келесі кезеңде көптеген, жануарлар дүниесіне қатысы жоқ, адам құдайлар, қасиетті аруақтар (Зевс, Посейдон, Қыдыр ата т.б.) пайда болады, ал, діннің соңғы даму сатысы — бар ғаламның иесі болған жалғыз құдіретті құдайдың (монотеизм) шығуы. Осы тұрғыдан алғанда зәу-затынан көшпелі ел болған біздің ата-бабаларымыздың көш-көліктің басты түрі жылқыны тотемдік бейнеге айналдыруы заңды құбылыс болмақ.

Аттың бірінші функциясын тек ат қана атқармайды, эпостарда оны басқа да толып жатқан пірлер, ата-бабалар т.б. атқара береді. Айталық, «Қобыланды» эпосының өзінде батырға қолдау көрсететін: «Он сегіз мың ғаламның падишасы»; «Алланың досты Мұхамбет»; «Қырда Қыяс пайғамбар, Ойда Илияс пайғамбар»; «Ыклас атты Шәшті Әзіз»; «Ғали атты арыстан»; «Шәһизатты қазірет» «Бибібатима»; «Қарашаш ханым»; «Палуан қыз» сияқты ісләм дінінің де, шамандық наным-сенімдердің де қолдаушылары қатар аталады. Қазақ эпостарының соңғы жетіліскен, кемелденген нұсқаларында бұл міндетті (болашақта батырдың басына түсетін оқиғаларды болжап айтып беру, оған оқиғаның оң шешілуі үшін не істеу керек екендігін айту, т.б.) көбіне батырдың қарындасы немесе жары атқарады. Бірақ, аттың

бірінші функцияны атқару мысалдары біздің эпостарымыздың ежелгі архаикалық нұсқаларында, мысалы «Ер Көкше» эпосында кездеседі: «Сары ат айтты: «Түсе қап бауырыма ен». Түсе қап бауырына енді. Ат сілкінді, «тұр» деді. «Үстіме мін» деді» [4, 164].

Бұл функцияны тек қасиетті жан иелері не жануарлар ғана емес, кез келген зат немесе табиғат объектісі де атқаруы мүмкін (сөйлейтін, жол-жоба көрсететін тастар, ағаштар, айна мен тарақ, таяқ т.б.). Соған орай, ат бұл функцияны атқаруды, салыстырмалы алғанда кейінгі дәуірлерде, адам қоғамы жылқы малын қолға үйреткен соң өзіне алған деп жорамалдауға болады.

Сонымен, аттың өз функцияларын атқару кезінде бас қаһарманмен екі деңгейде қарым-қатынас жасауы мүмкін екені байқалады, оны схема түрінде төмендегіше бейнелеуге болады:



Аттың екінші функциясы (оның эпоста өрбіп жатқан оқиғаларға белсене қатысуы, кез келген адамның не жануардың кейпіне енуі, аспанға ұшуы не жердің астына түсіп кетуі, басқа да фабуланьң өркендеуіне керекті әрекеттерді атқаруы және т.б.) тым архаикалық мотивтер болғандықтан көбіне қазақ эпостарына тән емес, тек кейбір аса ежелгі эпос үлгілерінде кездеседі. Алайда, аттың мұндай қызметтері түркі-моңғол халықтарының эпостарында, әсіресе алтай халқының эпосында барынша молынан ұшырасады. Айталық, алтайдың бір эпосында Темичи Ерен деген ат Қаракұла деген тау-мақұлықпен алысып жатқан өзінің иесін шайқас майданында тастап, «Ақ Чормон (Ақ Шолпан — А.К.) деген жұлдызға айналып, аспанға жабысып» қалады, кейін қайтып келеді [5, 28]. «Жұлдыз-аттың образы қандай да бір астральды культпен және «аспан аттарымен» байланысты болса керек» деп жазады Р.С. Липец [2, 133]. Тағы бір алтай эпосында ат ба-

тырды шыбынға айналдырады да, өзі алдымен жыланға, сонынан тышқанға т.б. айналып кете береді [6, 98-99]. Архаикалық эпостарда ат та, оның иесі де кез келген сәтте қандай да болмасын бір адамға, жануарға немесе затқа айнала салады. Ат бұл функцияны атқарған кезде өзінің иесімен тең дәрежеде қимыл-әрекет жасайды, яғни ат бағынышты, көмекші кейіпкер емес, басты қаһарманмен тең дәрежедегі кейіпкерге айналады. Бірақ, бұл жағдайда ат батырды жебеуші-камқоршы, тотемдік бейне ретінде суреттелмейді.

Қазақ эпостарында аттың тез құбылып өзгеруі, кез келген затқа айнала салуы сияқты әрекеттерінің тек сарқыншағы ғана сақталған. Бұның себебі түсінікті де, қазақ эпостары Сібір халықтарының эпостарына қарағанда едәуір алға кеткен, ақылға тым қонымсыз, қисынға сыймайтын қиял-ғажайып сарындардан арылған. Архаикалық «Желкілдек» протоэпосында: «Ат аунады, оң жағына аунады, сол жағына аунады. Шөп асады. Түрегелді ат, күміс ер тоқым болды, күміс құйысқан болды, күміс жүген болды» деген баяндаулар бар [4, 107]. Яғни, ат аунаған кездері ғайыптан оның үстіне ер, құйысқан, жүген пайда бола кетеді.

Аттың екінші, үшінші және төртінші функциялары оның эпос сахнасына бас қаһарманның қолдаушысы-жебеушісі кейпінде емес, сиқырлы көмекшісі ретінде шығуымен байланысты. Сондықтан, бас қаһарман және оның көмекшілері мәселесін кеңірек қарастырып өткенді жөн көріп отырмыз.

Көмекшілер шындап келгенде бас қаһарман тұлғасының бір бөлігі, оның магиялық қасиеттерінің көрінісі болып табылады. Қаһарман өз көмекшілерінің жәрдемімен баратын жеріне тез барып, қиын тапсырмаларды орындап, жауларын жеңіп шығады. Қысқаша айтқанда, барлық мақсат-мұраттарына жетеді. Көмекшілер екі топқа бөлінеді:

а) сиқырлы көмекшілер, бұлар сиқырлы қасиетке не магиялық құдіретке ие адамдар немесе жануарлар;

б) сиқырлы заттар, бұлар құдіретті күші, сиқыры бар кез келген зат, нәрсе (белбеу, етік, басқа киімдер; сақина, тарак, айна; қылыш, шоқпар, қалқан; қоржын дорба т.б.).

Бір функцияны жанды мақұлықтар не адамдар, я болмаса жансыз заттар атқара беруі мүмкін, айталық, басқа патшалыққа аттың, бүркіттің, самұрық құстың, ұшқыр кілемнің, жүргіш етіктің,


т.б. да толып жатқан тасымалдаушылардың көмегімен жетуге болады. Жауды денесінен қару шығып тұратын сиқырлы аттың, өзі соғар тоқпақтың, сиқырлы қылыштың, көмекші дәудің, аруақтың, пірлердің т.б. толып жатқан жанды не жансыз, көрінетін не көзге көрінбейтін көмекшілердің жәрдемімен жеңіп шығуға болады.

Қаһарманның магиялық қуатының көрінісі болған көмекшілер оның тұлғасынан бөлініп шыққанда біз оған әрқилы жәрдем беретін сиқырлы жекелеген көмекшілерді не заттарды көреміз. Бірақ, қаһарман сол магиялық қасиеттерін өз бойына қайта жинап алуы да мүмкін: бір шығармаларда ол сиқырлы тоқпақтың (яғни, сиқырлы көмекші заттың) көмегімен жауларын қырады; ал екінші бір шығармаларда ешқандай сиқырлы көмекшісіз-ақ өз күшімен, құдіретімен қаптаған қалың жауды жусатып салады. Немесе қаһарман тұлпарға (яғни, сиқырлы көмекшіге) мініп, айшылық жерге өп-сәтте жетіп баруы мүмкін, бірақ ешқандай аттың көмегісіз-ақ өзі ұшып, не болмаса маралға, құсқа т.б. айналып жетіп баруы мүмкін.

Эпосқа қарағанда оған ең жақын жанр қиял-ғажайып ертегі мәтіндерінде қаһарманның мұндай қасиеттері аса көп кездеседі: «Бір шақырымдай шетке шыққан соң ол жүйрік маралға айналды да садақтан атылған жебедей жүйткіді; шапқылап, шапқылап ақыры шаршады, содан маралдан қоянға айналды; қояндай шапшандықпен зымырады. Жүгіріп, жүгіріп аяғының бәрін ауыртып алды, қояннан кішкене алтын басты құсқа айналды; бұрынғыдан да жылдамырақ ұша жөнелді, ұшып, ұшып, Марья патшайым барған патшалыққа бір жарым күнде жетіп үлгерді» [7, 259]. Бұл үзіндіде қаһарман ешқандай сиқырлы көмекшінің жәрдемісіз, баратын жеріне жетіп барады, әрі бойындағы магиялық қасиеттерін көмекшіге жолдамай-ақ, өзі жүзеге асырады. Бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады: «Боран-батыр жерге соғылды да, бүркітке айналып, сарайға ұшып барды» [7, 136].

Бұл жағдайларда қаһарманның өзінің магиялық қасиеттерін көмекшілеріне бермей, өз бойында сақтап қалғанын және қажет жерінде өзі құдіретті, сиқырлы күшке айналып, мақсатына жеткенін байқауға болады.

Сонымен, қаһарман мен оның көмекшілерінің қарым-қатынасын төмендегі схема арқылы бейнелеуге болады:



Бұл схеманы керісінше елестетуге де, яғни қаһарманның өз магиялық күштерін тұлғасына қайта жинауын көрсетуге де болады.

Қазақ эпостарында үнемі кездесіп отыратын өркілы қолдаушы пірлерді, бабаларды, өулие-өнбиелерді қаһарманның көмекшілерінің сапына қоспай отырған себебіміз — олар әдетте батырға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оған жетекшілік жасайды, іс-әрекетін бағыттап отырады, жебеуші-қолдаушысы болады. Демек, олардың функциясы көмекшілердің функцияларына карағанда үлкенірек. Біздің пікірімізше, оларды *жебеуші сиқырлы көмекшілер* деген жеке топқа бөліп қарастыру керек.

Қаһармандар өздеріне магиялық қасиеттерді қалай және қайдан алады? Бұл сұраққа жауап беру үшін инициация салты мен шамандық магияның негізінде бір түсініктің жатқанына назар аудару керек, ол — қаһарманның басқа әлемге, негізінен өлілер әлеміне барып-қайтуы арқылы сол әлемнен магиялық қасиеттерге ие болып, сиқырлы көмекшілер алып қайтуы. Инициация салтында ол жасөспірімінің уақытша өліп, қайта тірілуі, ал шаманизмде — шаманның өзге әлемдерге саяхаты түрінде көрініс табады.

Аттың атқаратын үшінші функциясы (аттың қаһарманды алыс жерлерге апаруы, яғни тасымалдаушы қызметін атқаруы) оның ең ежелгі дәуірден қалған қызметтерінің бірі болып табылады. Эпостардың басым бөлігі қаһарманның жолға шығуынан, басқа елге, патшалыққа, жерге баруынан басталады. Бұндай жолға шығудың толып жатқан себептері болуы мүмкін: жауды іздеп бару, қалыңдық іздеу, патшаның не басқа біреудің тапсырмасын орындау, қажетті затты

іздеу, кек алу т.б. Ертегілерде қаһарман басқа патшалыққа кез келген әдіспен баруы мүмкін (самұрық құсқа, ұшқыр кілемге мініп, өзі жүретін етік киіп, өзі құсқа не маралға т.б. айналып, т.с.с.). Ал, қазақ эпостарында қаһарман басқа жерге негізінен атпен шығады.

В.Я. Пропптың пікірінше, қаһарманның басқа патшалыққа (елге, жерге т.б.) баруының (өтуінің) бүкіл түрлері бір түсініктен өрбіген: «...өтудің барлық түрі бір шығу тегін көрсетіп отыр: олардың бәрі өлген адамның ана дүниеге барар жолы туралы түсініктен тараған, ал кейбіреулері жерлеу салтын біршама дәл бейнелейді» [3, 202]. Жоғарыда эпос пен қиял-ғажайып ертегінің мотивтерінің ең көп бөлігін беретін инициация салты мен шамандықтың негізінде адамның өлілер дүниесіне сапар шегуі, сол дүниеден өзіне қажетті магиялық қасиеттерді алуы жатқанын баяндаған едік. Демек, эпос қаһарманының сапар шегулерінің барлық түрлерінің астарында осы ежелгі мотивтер жатуы әбден мүмкін.

Өлген адамның ана дүниеге сапары туралы түсініктер қоғамның дамуына, өндіріс түрлерінің ауысуына байланысты өзгеріп отырған. Бұл түсініктің ең ежелгі түрі бойынша — қайтыс болған адам өзінің тотемдік жануарына айналады деп есептелді. Алдымен адам дүниеден қайтқанда бірден жануарға айналады деп есептелген, кейінірек оны өзінің тотемдік жануарының терісіне тігетін болған. Бұл аңшылық қауым кезіндегі — жануар мен адамның табиғаты бір деген түсінікке негізделген салт. «Адам қайтыс болған соң өзіне тотем ретінде қызмет еткен жануарға айналатындығы, әрине, жерлеу салттарында көрініс тапқан: мәйітті оның өзіне тотем болып қызмет еткен жануардың терісіне орайды» деп жазады Л.Я. Штернберг [8, 477]. Мәйітті теріге орау арқылы ана дүниеге аттандыру салтының көріністері фольклор шығармаларында қаһарманды теріге орап, тігу, оны құстың көтеріп алып кетіп басқа жерге апаруы түрінде молынан ұшырасады.

Өлген адамның ана дүниеге баруының тағы бір жолы оның құсқа айналуы немесе құсты мінуі, айталық, ертегі кейіпкері бүркітті ұстап алады да: «Оны қатты сілкігені соншалық, бүкіл сүйегі мен еті ақтарылып түседі... Соңынан ол бүркіттің терісін киіп алады да, аспанға, өлілер патшалығына ұшып кетеді» [9, 38].

Қоғам одан әрі дамып, ат, бұғы сияқты мініс көлігі пайда болған кездері ана дүниеге жеткізу міндеті құстан атқа ауыса бастады — атпен құстың

ортасындағы гибрид жануарлар — қанатты аттар пайда болды.

Адам қоғамы егіншілікпен айналыса бастаған кездері өлілер дүниесіне апарушылар, тасымалдаушылар адамдандырылды және оған құдайлық қасиеттер берілді. Бұл кездері қайтыс болған адамды ана дүниеге көбіне шамандар апарды деп есептелді. Л.Я. Штернбергтің айтуынша, гольд шаманы: «Әрқилы жандарды әртүрлі жолдармен апару керек: егер гольдтің шыққан тегі бұғы бағушы болса, оның жанын бұғыға мінгізіп, ал, ит бағушы болса иттерге мінгізіп апару қажет, кейбіреулерді қайыққа мінгізіп апаруға тура келеді» деп мәлімдеген [8, 328].

Сонымен, ежелгі ұғым-түсініктер бойынша ат тірілер мен өлілер әлемін жалғастырушы, өлген адамдарды ана дүниеге апарушы көлік деп есептелген. «Аттың негізгі функциясы — екі патшалықтың арасында делдал болу екенін біз білеміз. Ол қаһарманды қашық патшалыққа алып кетеді. Сенім-нанымдарда ат көбіне қайтыс болған адамды өлілер еліне алып кетеді» деген тұжырым айтады В.Я. Пропп [3, 176]. Өлген адамның қабіріне оның атын қоса жерлеу салты Еуразия кеңістігінде кең тараған. «Гректердің, римдіктердің, германдықтардың наным-сенімдері бойынша шайқас майданында қаза тапқан жауынгердің жаны жүйрік атпен жандар патшалығына кетеді» деп мәлімдейді В. Вунд [10, 111]. «Қайтыс болған кездері қаһарманның атын өзіне қоса беріп жіберу — аттың алып барушы, тасымалдаушы, ең жақсы елге жол көрсетуші функцияларының салдары екенін — эскимос үшін иттің сөзсіз қажеттігіне ұқсастығы көрсетіп тұр» деген пікір айтады Дж. Негелейн [11, 373].

Қазақ эпостарының көбінде бас қаһарман алыс сапарға шығады. Эпостардың жетіліскен, кемелдеген нұсқаларында аттың алысқа шабуы барынша түрлендіріліп, әрленіп, көркемделіп суреттеледі. Осы алыс сапарлардың негізінде бір кездердегі қаһарманның түрлі магиялық қасиеттерді иелену мақсатымен ана дүниеге сапар шегуі жатуы әбден мүмкін. Бұл пікірдің дұрыстығын қазақ эпостарының архаикалық нұсқаларын теренірек талдау арқылы негіздеуге, дәлелдеуге болады деп ойлаймыз.

Аттың атқаратын төртінші функциясының екі түрі бар:

- а) ат қаһарманмен бірге немесе қаһарманның қатысуынсыз-ақ жауды қырып, жеңіп шығады.
- б) ат батырдың көлігі, әрі сенімді серігі ретінде жаумен шайқасады.

Оның алдыңғы түрі (ат қаһарманмен бірге немесе қаһарманның қатысуынсыз-ақ жауды қырып, жеңіп шығуы) негізінен көне эпостарда, соның ішінде солтүстік-шығыстағы түркі-моңғол халықтары эпостарында молынан ұшырасады. Және қаһарманның көмекшісі функцияларының аясында қарастырылады, дегенмен, бұл жерде ат өзінің тікелей қызметтерінен (тасымалдаушы, мініс, жаугершілік көлігі болу) ауытқып кетеді.

Түркі-моңғол халықтары эпостарында кейде ат туылғаннан-ақ өз қаруымен туылады: оның жалында және құйрығында қылышы, семсері, сүңгісі болады, болат тұяқты болып, тұяғынан қылыштары не үшкір жебелері шығып тұрады. Бұндай туа бітті қаруланған аттар көбіне батыр жауға қарсы шайқасып жатқанда сол жаудың аттарына қарсы шайқасады:

Жалы мен құйрығындағы қылыштарымен және сүңгілерімен,

Төрт тұяғындағы тағаларымен,
Ақ Бораның жеті атын
Бірден алты-жеті жерден
Шауып-түйрей бастады.
Қара Күрең тұяғымен соққанда
Өкпесі мен жүрегін тесіп жіберді [6, 325].

(жырды орыс тілінен сөзбе-сөз аударған автор)

Осы эпоста Сары Кер деген ат әбден шаршап қалжыраған батырды тауға апарып тастайды да, соғыс майданына қайтып келіп, жауға шабуыл жасайды. Жауды онды-солды шауып, бір басынан екінші басына шығады [13, 322].

Тағы бір алтай эпосында Бурыл Бұрхан Хан Мергенге «жалы мен құйрығында найзасы, ал аяғында қылышы бар, құйрығы мен жалы қара, қызыл ат» жібереді [6, 201]. Тува эпосында кейіпкердің «жер астындағы» әлемнен ұстап алып, Корбусту ханға алып келуі тиіс болған аттары семсер-тұяқты болған. Бұл аттарды қуып ұстаудың, бас білдірудің өзі аса қиынға соғады. Аттар батырды «бөлшек-бөлшек етіп бөліп тастайды, тек шылбырға тісімен жабысып қалған басы ғана ойыншықтай шайқалып тұрады». (Бірақ, кейін батыр өзін-өзі жинап, тірілтіп алады). Хан бұл аттарды көрген кездері қорыққанынан құлап түседі және босатып жіберуге әмір береді [12, 121-123].

Бұндай түсініктердің (аттың қарулы болуы, жаумен шайқасуы) пайда болуының тарихи негіздері де бар. Ортағасырлық рыцарлардың өздерін ғана емес, аттарын да сауытпен жапқаны белгілі. Үнділер соғыс пілдерінің үстіне, аяқтарына сүңгі, қару байлап қойған. А.П. Окладни-

ковтың айтуына қарағанда: «якуттардың адамдарға ғана емес, соғыс аттарына да арналған берен сауыттары болған. Оның үстіне, мысалы, соғыс аттарының кеудесіне шайқас кезінде жаудың аттарын немесе өздерін түйреп өтетіндей арнайы үшкірлер орнатылған. Аңыздар бойынша, тіпті, атты жауынгердің үзеңгілерінің арты мен алдына қанжар тәріздес сүңгілер орнатылған, солардың көмегімен жауынгер аяғымен теуіп, жауға немесе оның атына зақым келтірген» [13, 401].

Қазақ эпостарында бұл мотивтің сарқыншағы ғана сақталып қалған, оның өзінде мұндай элемент тек архаикалық эпостарда ғана кездеседі. Айталық, «Желкілдек» протоэпосында: «Атқа мінді Желкілдек, ат айтты: «Артқы айылымды берік тарт, алдыңғы айылымды бос тарт, көзінді жұм, мен тоқтағанда, көзінді сонда аш! Шаба алмасам маған серт!» Көзін жұмды, шу деп жөнелді жауға, жауды қырды, келер уақытта ат тұра қалды, бала көзін ашты.

Қараса аттың тізесінен қан екен» деген баяндауларды оқимыз [4, 107]. Көріп отырғанымыздай шайқас кезінде бала (яғни, батыр, батырды «бала» деп атау қазақ эпостарының дәстүрлі салты — А.К.) көзін жұмып отырады, шайқас біткен соң ғана көзін ашады, демек, жаумен батыр емес, аттың соғысып, жеңіп шыққаны айқын.

Аттың төртінші функциясының екінші түрін, яғни, аттың батырдың көлігі, әрі сенімді серігі ретінде жаумен шайқасуын қарастыратын болсақ, бұл жағдайда тұлпар көптеген бұрынғы қиял-ғажайыптық қасиеттерінен айырылып қалады. *Ол батырдың орнына жаумен шайқаспайды*, бірақ, жай өмірдегі қарапайым атқа қарағанда бірқатар қасиеттерге ие болады. Тұлпар шайқас майданындағы болып жатқан оқиғаларды жақсы түсінеді, яғни ақыл-есі бар, тіпті, кей жағдайларда тіл бітіп сөйлейді. Ол өзінің иесіне көмектесу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.

«Алпамыс» эпосында қалмақтың батыры Қараман Алпамысты күрзімен соққанда, батырдың астындағы шұбар ат «қарғып кетіп» күрзіні батырға тигізбейді. Оның үстіне, Алпамыстың Қараманды жеңе алмайтынын түсінген шұбар ат қалмаққа жеткізбей қаша жөнеледі. Қараманның аты қанша қуса да шұбарға жете алмайды. Қараман атым «Ауырлап келе жатыр деп», үстіндегі «Жарақтың бәрін тастайды». Қалмақтың бүкіл қару-жарағынан айырылғанын сезген шұбар ат кідіре бастайды, бірақ: «Қаруы жоқ қолында, Жеткенмен қалмақ нетеді?!». Осылай алданған

Қараманды Алпамыс сол жерде ұрып-соғып, көкпар қылып сүйреп, әйелдердің алдына әкеліп тастайды, әйелдер оның «Жанды жерін жарып» өлтіреді, қалмақ батырының қазасы осылай жетеді [14, 34-38]. Шұбар ат тек есті ғана емес, сезімтал, моралдық, этикалық қасиеттерге ие, кейде ашуланып, арланады да:

Бұл сөзге шұбар шамданып,
Мұнан да жаман өрледі. [14, 86].

Аттың бесінші функциясы, яғни оның жай ғана қаһарманның мініс көлігі ретінде реалистік сипатта суреттелуі соңғы дәуірдегі өмірге келген эпостарға тән. Бұл жағдайда атқа ешқандай да қиял-ғажайыптық не болмаса адамдық қасиеттер, моралдық, этикалық түсініктер, ақыл-ес, т.б. таңылмайды. Ат өзінің таза жануарлық болмысына тән ғана қимылдарды жасайды, яғни олар кәдімгі өзіміз күнде көріп жүрген кәдімгі аттар.

Аттың сырт көрінісі, шабысы, жүрісі өсіреленіп, көркемделіп сипатталуы мүмкін, бірақ оның бәрі ешқандай қиял-ғажайып элементтерінсіз, дәстүрлі поэзиялық әдістер аясында ғана қалады. «Айман—Шолпан», «Қыз Жібек» сияқты эпостарда аттың дәл осылай реалистік сипатталуын кездестіреміз. Ғалым Ы.Т. Дүйсенбаев «Қыз Жібек» эпосындағы ат бейнесі туралы: «Сонан соң Төлегеннің мінген көк жорғасы да Қобыландының Тайбурылы немесе Ер Тарғынның тарланы емес. Керек десеңіз, ол яғни көк жорға иесіне ықылас білдіріп, сенімді дос болудан да жүрдай. Өйткені, Төлегеннің өлімінен кейін көк жорға ат суға қанып, шөлін басқан соң бір қарақшының тақымы астында «ойнақтай басып» кете барады» деп жаза отырып, эпостан үзінді келтіреді [15, 99]:

«Мал опасыз» деген сол,
Төлеген мінген көк жорға ат
Су ішіп өбден қанған соң,
Бір қарақшы астында
Ойнақтай басып жөнелді...

Әрине, ат небәрі жануар ғана, одан адамдық қасиеттерді талап етуге болмайтын да шығар. Шындығында атқа қиял-ғажайыптық не болмаса адамдық қасиеттерді таңып жүрген адамдар ғой, табиғаттың ессіз жануарға мұндай қасиеттер бермегені белгілі.

Қазақ эпосындағы аттың атқаратын функцияларын қарастыра отырып, оның эпостың жанрына, туындау дәуіріне қарай өзгеріп отыратынын байқаймыз. Соған орай қазақ эпосындағы ат бейнесін жан-жақты зерттеп-зерделеу үшін аттың

атқаратын функцияларын да үнемі назарда ұстап, оны диахрондық-синхрондық тұрғыдан талдап отыру қажет деп пайымдаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *В. Я. Пропп*. Морфология волшебной сказки. М.: Лабиринт, 1998. 512 с.
2. *Лунец Р. С.* Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. М.: Наука, 1984. 264 с.
3. *Пропп В. Я.* Исторические корни волшебной сказки. СПб.: Изд. ЛУ 1986. 368 с.
4. Ел қазынасы — ескі сөз (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Алматы: Ғылым, 1994. 616-б.
5. Аносский сборник. Никифоров Н.Я. Собрание сказок алтайцев с примечаниями Г.Н. Потанина. — Зап. ВСОРО. Омск, 1915. Т. XXXVII.
6. *Баскаков Н.А.* Северные диалекты алтайского (ойратского) языка. Диалект черневых татар (туба-кижи): Тексты и переводы. М.: Изд-во АН СССР, 1965. 325 с.

7. *Афанасьев А.Н.* Народные русские сказки. Подготовка текста, предисловие и примечание В.Я. Проппа. М., 1957. Т. 1-3.

8. *Штернберг Л.Я.* Первобытная религия в свете этнографии. Гл. «Избранничество в религии». Л., 1936.

9. *Frobenius L.* Die Weltanschauung der Naturvolker. Weimar, 1898, S. 27, 153; *Boas F.* Indianische Sagen von der nord-pacifischen Kuste Amerikas. Berlin, 1895.

10. *Вунд В.* Миф и религия. СПб.

11. *Negelein J.* Das Pferd im Seelenglauben und Totenkult. — ZV, 1901, Bd. 11.

12. Бокту-Кириш и Бора-Шээлей: Тувинское народное сказание/ Перевод с тувинского языка, предисловие и комментарии Гребнева Л. Кызыл: Тувинкнигоиздат, 1969.

13. *Окладников А.П.* История Якутии. Якутск: Якутгосиздат, 1949. Т. 1. Прошлое Якутии до присоединения к русскому государству.

14. Алпамыс. Қазақ эпосы, 3-кітап. Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1957.

15. *Дүйсенбаев Ы. Т.* Қазақтың лиро-эпосы. Алматы: Ғылым, 1973. 150 б.